

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VII том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,
өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)*

*Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ө. Тарақ,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ө. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Тарақ**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Тілепов**

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. VII том. Ойлар мен толғаныстар
/ құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы,
Н. Нүрәділ; жауаптыред. З. Бисенғали; жалпыред. басқ. Ж. Дәдебаев.
– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 307 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

Жетінші томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы туралы
тәуелсіздік жылдары жарық көрген таңдамалы еңбектер топтастырылған. Оларда Абайдың
шығармашылық тұлғасы мен әдеби мұрасының, даналық ойлары мен суреткерлік өнерінің
тарихи мәні мен бүгінгі күн үшін маңызы көрсетілген. Кітап абайтанушыларға, магист-
ранттар мен докторанттарға, Абай әлемін терең тануға талаптанған көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу»
бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)
ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

© Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті мен мәдениетінен Абай Құнанбайұлының алатын орны ерекше. Ол – үлкен ойшыл әрі ағартушы, жаңашыл ақын, көрнекті композитор. Өзінің көптеген өлеңдеріне ән жазып, қазақ музыкасына елеулі үлес қосқан өнерпаз.

Оның музыкалық мұрасын алғаш А.Э.Бимбоэ өзінің «Қазақтың 25 әні» (Л., 1926), А.В. Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні», артынан «Қазақтың 500 ән-күйі» музыкалық-этнографиялық жинақтарына енгізген. Соңғы басылымдардың бір кемшілігі – әндердің музыкалық әуені ғана қамтылып, әдеби мәтіндері ескерілмеді.

XX ғасырдың 30-жылдары Абай әндерін жазып алып, нота жазуына түсіру ісімен А.Қ. Жұбанов, Е.Г. Брусиловский, Л.А. Хамиди, Б.Г. Ерзакович, т.б. шұғылданды. В. Дернава мен Г. Шомбалова, Г. Бисенова, М. Ахметовалар Абай әндерінің стильдік, көркемдік ерекшеліктерін зерттеді. Абай әндерінің толықтау басылымы 1954 жылы «Абайдың музыкалық творчествосы» деген атпен басылып шыққан-ды. Одан бергі жерде Абай әндерінің барынша толық басылымы «Айттым сәлем, қалам қас» (А., 1986) деген атпен басылып шықты. Жинақтың кейбір кемшіліктеріне қарамастан мұнда Абай әндері барынша толық жинақталған еді.

Абай әндері ақынның төл туындылары ғана емес, Пушкин («Татьяна сөзі»), Лермонтов («Қаранғы түнде тау қалғып») шығармаларынан аударған өлеңдеріне де шығарылған. «Татьяна сөзі» әнінің бірнеше нұсқасының болуына қарағанда ол ел арасына кең тараған, халықтың көңілінен шығып, мұң-мұқтажын өткерген туынды болған секілді. Орыс географиялық қоғамы қолжазбаларында «Татьяна сөзін» қайдан білетінін сұраған Әділхан есімді жігіттің орыс халқында Пушкин есімді ақынның болғанын, Татьянаның Онегин деген жігітті ұнатып, хат арқылы сүйіспеншілік сезімін білдіргені көрсетілген.

Бір кездері музыка зерттеушісі В. М. Беляев «Қазақстанның музыка мәдениеті» атты мақаласында Абай әндерін жаңа стильдің көрінісі ретінде бағалап, қала романсының тууына жол ашты деген еді. Осы пікірді Б. Ерзакович одан әрі дамытып, Абай әндері орыстың қалалық романстары ізінде туған, онда гармониялық минор жүйесі кездеседі деп жазған еді. «Замана бұлбұлдары» атты еңбегінде А. Жұбанов: «Өзінің табиғаты, рухы жағынан Абай әндері ұлттық сипатта, қазақ халық музыкасының дәстүрінде шығарылған. Орыс әндерінің және демократиялық, тұрмыстық романстардың кейбір белгілері мен элементтерін қолдану арқылы Абай қазақтың музыкалық «сөздігін» кеңейтіп, байытты», – деп жазды. Осы пікір күн өткен сайын орныға түскендей.

Дұрысында Абай орыстың қалалық өмірімен жете таныс па еді? Оның көрген-білген орыстары Михаэлис пен Долгополов емес пе? Оның үстіне қара сөздері мен поэзиясында қазақ тұрмысы мен қазақы болмысты бар қайшылығымен аша білген ақынның ән саласында орыс романсына еліктей қоюы екіталай.

Абайдың «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, қалам қас», «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» секілді лирикалық әндері орыстың қалалық романсы емес, халықтық дәстүрде көрінеді. Олардың музыкалық құрылымы мен тілінен гармониялық минорды кездестіру қиын. Ол кейінгі кәсіби композиторлардың Абай әндерін Вена классикалық мектебіне тән гармониялық үндестік жүйесімен өңдеуінен туған өзгерістер болатын.

Абай әндерінің музыкалық үн-әуені лирика, оның да эпикалық стильмен ұштасқан ауыр түрі. Онда ойнақшыған ырғақ, секірген музыкалық әуен кездесе бермейді. Ақынның лирикасы қазақ тұрмысындағы әлеуметтік-этикалық нормалардан асып кетпейді. Әрбір шығармасының мағынасы терең, бояуы қою, мазмұны шыншыл келеді.

Абайдың лирикалық тақырыпқа арнаған көркем әндерінің бірі «Айттым сәлем, қалам қас». Бұл шығарма бізге үш түрлі нұсқада жетіп отыр. Негізгі нұсқасының пішімі шағын, ән төменгі

тұрақпен басталып, сол дыбыспен аяқталады. Бұл халық әндеріне тән көрініс болатын. Әннің дыбыс ауқымы өте кең – децима (9 басқыш), ундецимаға (10 басқыш) дейін жетеді. Мұндай белгіні халық әндерінен табу қиын. Ол – Абай стиліне ғана тән құбылыс.

Абайдың махаббат лирикасының поэзиялық мазмұнында да, музыкалық әуен-сазында да әзіл-оспақ, жеңіл ырғақтарға орын жоқ. Ол сүйген жарына бәрін де құрбан етеді, айнымайды, беріле сүйеді.

Айттым сәлем, қалам қас,
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас...

Асыл адам айнымас,
Бір бетінен қайрылмас.
Көрмесем де, көрсем де,
Көңілім сенен айырылмас, –

деген жолдар соны аңғартады. Осы байыптылық, орнықтылық ән әуеніне де тән. Абай асып-саспайды, сабырлы үнмен сазды ән салып, іштегі шерін тарқатады.

Абай әндерінің көрнекті үлгілерінің келесі бірі – «Көзімнің қарасы». Кең ауқымды, мұңды лирикаға толы ән ғашық жанның ішкі толғанысын жоғары көркемдікпен жеткізеді.

Көзімнің қарасы,
Көңілімнің сарасы.
Бітпейді іштегі,
Ғашықтық жарасы...

Жүректен қозғайын,
Әдептен озбайын.
Өзі де білмей ме,
Көп сөйлеп созбайын.

Абайдың лирикалық әні расында да әдептен озып тұрған жоқ. Мұнда халық әндерінде кездесіп қалатын «ішің білсін, әлуай» деп

келетін қулық сөз көріністері мүлде жоқ. Абайдың бұл әні де шын ғашықтың сырлы сөзі, мұнды әні.

Әннің әуені децима көлемін құрайды. Ырғағы баяу, біркелкі дамиды, әуені де бірте-бірте көтеріліп барып, қайта сабасына түседі.

Абай әндерінің стилі тұсында тағы бір пікірге анықтама беруге тура келеді. Ол – В. Дернованың Абай әндерін речитативті және кең тынысты деп бөлуі. Абай әндерінің Арқа дәстүріне жататыны анық. Оның әндерін музыкалық-эпикалық дәстүрге тән речитатив деп түсіну қате ұғым. Абай әндеріне тән эпизм речитативтік сарынға құрылған эпикалық дәстүрден мүлде өзгеше.

Абайдың музыкалық мұрасы тұсында көрінген тағы бір жаңалық – ақын-композитор күйлерінің табылуы. Өткен ғасырдың 80-жылдары Ғ. Сармурзин Абайдың «Торжорға», «Май түні» атты екі күйін орындап жеткізген болатын. Оны белгілі домбырашы У. Бекенов нота жазуына түсірген. 1986 жылы жарық көрген Абай әндерінің жинағына «Абайдың желдірмесі» деген атпен тағы бір күй енген.

Абайдың күй мұрасы табылып жатса, әрине, оны тек қана құптау керек. Бірақ мұндай істе ақын шығармашылығының негізгі арнасы мен қосалқы, бәлкім өткінші салаларының ара-жігін анық таныған жөн. Осы тұрғыдан келгенде аталған күйлердің пішімі, құрылымы, музыкалық үн-әуені жағынан Абайдың ән мұрасына жақындығы байқала бермейді. Күйлердің көркемдік деңгейі де аса биік емес. Кей тұстары қос ішекті домбырада сынар дауысты болып келеді. Күй соңында кездесетін гармониялық минор құрылымы да композитор стиліне қонымсыздау көрінді.

Тағы бір айтарымыз, желдірме – эпикалық дәстүрге тән жанр, терменің кештеу туған бір саласы. Қазақ халқының музыкалық мәдениетіне әзірге Иса Байзақовтың бес желдірмесі ғана мәлім. Олай болса, Абайдың желдірмесі де кейін туған шығарма болуы мүмкін. Музыка зерттеушісі Қ. Жүзбасов бұл күйді бергі жерде – 1977 жылы жазып алған.

Ғайса Сармурзин орындаған екі күйге келер болсақ, олардың таралу тарихы бізге жетпеген. Орындаушы аталған күйлерді кімнен үйренгенін, қазақ жерінің қай аймағында таралғанын

жеткізбеген. Халық шығармаларының дәстүр аясында таралатынын ескерер болсақ, бұл күйлерді қандай дәстүрге жатқызуға болады? Арқа жерінде күйден гөрі ән мәдениетінің басымдау дамығаны белгілі. Абай да артында көбіне ән қалдырған. Оның үстіне үш күймен Абайдың күйшілік өнердегі орнын, стилі мен көркемдік тәсілдерін анықтау да өте қиын.

Міне, осы жайларды ескере келгенде, Абайдың күй мұрасы туралы сөз қозғау әлі ертерек болып көрінеді.

Абай әндері қазақтың кәсіби музыкасы аясында да кең қолданыс тауып келеді. Әр жылдары акын әндерін А. Жұбанов, Л. Хамиди, М. Төлебаев, Е. Рахмадиев, С. Мұхамеджанов, М. Қойшыбаев, К. Күмісбеков т.б. композиторлар өз шығармаларына енгізіп, пайдаланды. Абай музыкасы С. Шабельскийдің фортепьянолық триосына, М. Скорульскийдің фортепьянолық квинтеті, В. Великанов импровизациясы мен Ғ. Жұбанова вариациясында, М. Қойшыбаевтың «Абайды еске алу» фортепьянолық сонатасында шеберлікпен қолданылды.

Абай әндері ірі музыкалық шығармаларға да арқау болды. Бұл реттен А. Жұбановтың «Абай», Е. Брусиловскийдің «Жалғыз қайын» симфониялық поэмаларын, Ғ. Жұбанованың «Татьяна әні» ораториясын, А. Жұбанов пен Л. Хамиди жазған «Абай» операсын ерекше атау керек.

Қазақ кино мәдениетінде көрінген «Абай әндері» фильмі де акын шығармашылығына арналған еді. Оның музыкасын жазған Л. Хамиди болатын. Абай әндері қазақ композиторларының көптеген ән-романстарға арқау болып келеді.

Бүгінде Абайдың ақындығымен қатар композиторлық дарыны да толық мойындалған. Оның әндері – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ музыкасының мөлдір бір бұлағы.

Әдебиет

1. Әлемдік өнертану. III том. Музыка өнері. Тынысбек Қоңыратбай. 306-310-беттер.

ТҮСІНІКТЕР

1. Қойгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны. Бұрын баспасөзде жарияланған. Қазақтың бас ақыны: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құраст. С. Қорабай. – Алматы: Дәуір, 2004. – 10-16-беттер.
2. Медетбеков Т. Менің Абайым! Бұрын баспасөзде жарияланған. Сөз-стан (Жас қаламгерлер кітапханасы). – Алматы: Жалын, 1986.
3. Жұртбай Т. Қаракөк. Бұрын баспасөзде жарияланған. Жұртбай Тұрсын. Құнанбай: тарихи және әдеби тұлға. – Алматы: Алаш, 2004. – 20-60-беттер.
4. Негимов С. «Қайғы шығар ілімнен...» Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
5. Шәріп А. Абайдың «жазуы мен айтуы»: жаңа ментальдік жолында. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
6. Жеменей И. Абай және әл-Фараби. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 65-75-беттер.
7. Ісімақова А. Абай мұрасы – бүгінгі рухани қажеттілік. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, – 2007. – 15-28-беттер.
8. Қамзин К. «Семипалатинские областные ведомости» газеті Абай айналасы туралы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
9. Тайшыбай З. Ескендір әңгімесі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Тайшыбай Зарқын. Абайтану арнасында (1889-1916). – Петропавл, 2009. – 182-203-беттер.
10. Айтқазин Т. Абай философиясындағы адам мұраты. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 155-167-беттер.
11. Ысқақұлы Д. Аудармадағы Абай дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
12. Қоңыратбаев Т. Абай Құнанбайұлы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Әлемдік өнертану. III том. Музыка өнері. Тынысбек Қоңыратбай. 306-310-беттер.
13. Борбасов С. Абай тағылымы // Ақиқат. – 1995. – №1. – 61-64-беттер; Ақиқат. – 1995. – №2. – 61-63-беттер.
14. Шапай Т. Тыныштық метафорасы. Бұрын баспасөз бетінде жарияланған: Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. – 69-81-беттер.

15. Кемелбаева А. Гете мен Абай // Жұлдыз. – 2011. – №1; Жұлдыз. – 2011. – №2.
16. Ахметбекова А. Ыасауи мен Абайдың поэтикалық дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 43-49-беттер.
17. Палтөре Ы. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейбіріне лексика-семантикалық талдау. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 77-81-беттер.
18. Сейітова А. Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой сарындары. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 64-69-беттер.
19. Рахимов Қ. Абайдың даналық философия ғылымы деңгейіндегі көрінісі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 50-62-беттер.
20. Раев Қ. Абай шығармашылығындағы рухани құндылықтардың мәні. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2007. – 100-104-беттер.

МАЗМҰНЫ

Қойгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны	3
Медетбеков Т. Менің Абайым!	12
Жұртбай Т. Қаракөк	26
Негимов С. «Қайғы шығар ілімнен...»	68
Шәріп А. Абайдың «жазуы» мен айтуы»: жаңа ментальдік жолында	76
Жеменей И. Абай және әл-Фараби	84
Ісімақова А. Абай мұрасы – бүгінгі рухани қажеттілік	91
Қамзин К. «Семипалатинские областные ведомости» газеті Абай айналасы туралы	106
Тайшыбай З. Ескендір әңгімесі	124
Айтқазин Т. Абай философиясындағы адам туралы	145
Ысқақұлы Д. Аудармадағы Абай дәстүрі	158
Қоңыратбаев Т. Абай Құнанбайұлы	198
Борбасов С. Абай тағылымы	203
Шапай Т. Тыныштық метафорасы	219
Кемелбаева А. Гете мен Абай	234
Ахметбекова А. Йасауи мен Абайдың поэтикалық дәстүрі	251
Палтөре Ы. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейбіріне лексика-семантикалық талдау	258
Сейітова А. Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой-сарындары	270
Рахимов Қ. Абайдың даналық философия ғылымы деңгейіндегі көрінісі	284
Раев Қ. Абай шығармашылығындағы рухани құндылықтардың мәні	298
Түсініктер	304

Оқу басылымы

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VII том
Ойлар мен толғаныстар

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Ұ. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

ИБ№9141

Басуға 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 19,2 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №4356.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.